



ЕҢБЕК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК
МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

2-БЕТ | ҚАЛА ТЫНЫСЫ



МЕЙІРІМДІЛІККЕ ІҢКӨР
МАМАНДЫҚ

4-БЕТ | МЕДИЦИНА



ЖАЗҒЫ МЕКТЕП –
ЖАС МАМАННЫҢ АЛҒАШҚЫ ТӘЖІРИБЕСІ

5-БЕТ | ҚОҒАМ



ОБЪЕДИНЯЯ ЭТНОСЫ,
УКРЕПЛЯЕМ ЕДИНСТВО

7-БЕТ | К АССАМБЛЕЯ

Altyn Qala

СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

ГЕОГРАФИЯ – КЕДЕРГІ ЕМЕС, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ – ДАМУ КЕПІЛІ



ТЕҢІЗГЕ ШЫҒАР ЖОЛЫ ЖОҚ
ЕЛДЕРДІҢ БОЛАШАҒЫ
ТАЛҚЫЛАНДЫ

2025 жылғы 05 тамызда Теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған Біріккен Ұлттар Ұйымының үшінші конференциясының ашылу салтанатына дейін Орталық Азия мемлекеттері басшыларының кездесуі өтті. Басқосуда аймақ елдері ынтымақтастығының басым бағыттары талқыланды.

3

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ҚАЛА ЖЫЛУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ



Фото: Степногорск қаласы әкімдігінің ресми сайтынан

(Басы 1-бетте)

Атап айтқанда, әкімнің назарына ұсынылған негізгі жобалар қатарында диаметрi 500 мм болатын қалалық магистральдық жылу желісін жөндеу, 9-ыншы шағын аудандағы жылу желілерін толық реконструкциялау және бірқатар жылу нысандарында күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу бар.

Осыған дейін облыс әкімі Марат Ахметжановтың есептік кездесуінде қаладағы жылумен қамтамасыз ету мәселесі кеңінен қозғалған болатын. Өңір басшысы өз баяндамасында: «Жүйелі жөндеу жұмыстарының арқасында соңғы жылыту маусымы апатсыз өтті. Бұған дейін жылу магистральдарының тозуы 81%-ға жеткен еді. Ал қазіргі таңда бұл көрсеткіш 68%-ға дейін төмендеді», – деп атап өтті.

Бұл оң өзгерістерге Үкімет тарапынан бөлінген 2,6 миллиард теңге көлеміндегі қолдау айтарлықтай ықпал етті. Бұл қаражат есебінен 7 шақырым магистральдық құбырлар толықтай жөнделіп, ескілері жаңасымен алмастырылды. Биылғы жылыту маусымына дайындық аясында қала мен ЖЭО арасындағы 12,5 шақырымдық жылу желілері жаңартылып жатыр. Қазіргі таңда үш шақырымнан астам жаңа құбыр төселіп, ескі жүйе толық демонтажанды.

Сонымен қатар Степногорск жылу электр орталығы (ЖЭО) өз қаражаты есебінен станцияның негізгі жабдықтарын жаңартып, қа-

зандықтарды жөндеуге 7 миллиард теңгеден астам инвестиция салды. Бұл – жеке меншік иесінің әлеуметтік жауапкершілігінің нақты көрінісі. Ж

ТҮРІКМЕНСТАН, АВАЗА ҚАЛАСЫ

ГЕОГРАФИЯ – КЕДЕРГІ ЕМЕС, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ – ДАМУ КЕПІЛІ

ТЕҢІЗГЕ ШЫҒАР ЖОЛЫ ЖОҚ ЕЛДЕРДІҢ БОЛАШАҒЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы Теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған Біріккен Ұлттар Ұйымының үшінші конференциясында сөз сөйлеп, ең әуелі конференцияны шақыру бастамасын көтергені үшін Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовке ризашылығын білдірді. Сондай-ақ теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдердің проблемаларын шешуге және мүмкіндіктерін пайдалануға бейіл танытқаны үшін БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришке алғыс айтты.

– Жиырма жылдан астам уақыт бұрын Қазақстан Теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған БҰҰ-ның алғашқы конференциясын өткізіп, жетекші рөл атқарды. Яғни еліміз бұл үздіксіз үдеріске бастапқы жылдардан бері қатысып келеді. Осы тарихи оқиға барысында Алматы іс-қимыл бағдарламасы қабылданды. Бұл құжат теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдер тобының мәселелерін жаһандық дамудың күн тәртібіне тұңғыш рет шығарды. Бүгін біз алдымызда тұрған міндеттерді одан әрі ілгерілету мақсатында Авазда бас қосып отырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, осы топ құрамындағы 32 дамушы елде жарты миллиардтан астам адам тұрады. Олардың көпшілігі қаржыландыруға және технологияға қол жеткізуде, сондай-ақ жаһандық нарыққа жол табуда кездесетін кедергілермен бетпе-бет келеді.

– Аймақтағы шектеулі байланыс – теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдердің басты проблемасы. Бұл транзит және са

ЕҢБЕК АДАМЫ

МЕЙІРІМДІЛІККЕ ІҢКӘР МАМАНДЫҚ

МЕДБИКЕ ГҮЛНӘР РАМАЗАНҚЫЗЫНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ ТУРАЛЫ ҮЗІК СЫР

Қазақ халқында «Еңбек – бәрін жеңбек» деген дана сөз бар. Бұл сөздің астарында еңбектің адам өміріндегі, қоғам дамуындағы маңыздылығы жатыр. Қоғамның әр саласында өз ісіне адал, қажырлы еңбек етіп жүрген жандар аз емес. Олардың қатарында медицина саласында көп жылдар қызмет етіп, кәсіби шеберлігімен халықтың алғысына бөленіп келе жатқан медбике – Гүлнәр Рамазанқызы.

Гүлнәр Рамазанқызы 1965 жылы 5 сәуірде Ақмола облысы, Еңбекшілдер ауданында, қазіргі Мақпал ауылында дүниеге келген. Ол өзінің бүкіл болмысының қалыптасуына әке-шешесінің берген тәрбиесі себеп болғанын ерекше атап өтеді. «Ата-ананың берген тәрбиесі – адам өміріндегі ең үлкен байлық», – дейді ол. Әділ, еңбекқор, ауылға сыйлы, мейірімді әкесі Рамазан Бектібайұлы – еңбек ардагері, Ленин орденінің иегері және ауданның Құрметті азаматы. Ол – балалары үшін асқар таудай биік тұлға. Ал анасы Ғани Уәлиқызы мейірімді, жанашыр, отбасының бірлігін, татулығын ұстап отырған ақылды жан болған. Ата-анасының осы қасиеттері Гүлнәрдың бойына сіңіп, оның өмірлік ұстанымын қалыптастырды.

Жүрек қалауымен таңдалған мамандық

Мамандық таңдау – әр адамның өміріндегі маңызды шешім. Гүлнәр Рамазанқызы да осы жауапкершілікті терең сезініп, жүрек қалауымен медбике мам

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ

ЖАЗҒЫ МЕКТЕП –
ЖАС МАМАННЫҢ АЛҒАШҚЫ ТӘЖІРИБЕСІ

Мұғалімдік жолды таңдағаным екі жыл болды. Бұл – ізденіс пен жауапкершілікке, еңбек пен шабытқа толы кезең. Алайда биылғы жаз мен үшін ерекше болды. Себебі мен алғаш рет жазғы мектепке қатысып, мектеп табалдырығын енді аттағалы тұрған бүлдіршіндермен жұмыс істей бастадым. Степногорск қаласында бүлдіршіндердің мектепке дайындығын нығайту мақсатында жазғы мектеп жыл сайын ұйымдастырылады. Бұл – болашақ оқушылардың жаңа ортаға бейімделуіне, ал жас маманның кәсіби тәжірибе жинақтауына мүмкіндік беретін маңызды кезең, ал менің педагогикалық тәжірибемдегі жаңа бет, жаңа сезім, жаңа түсінік.

Жазғы мектеп – баланы мектеп өміріне бейімдейтін маңызды кезең. Бұл оқу бағдарламасындағы күрделі тақырыптарды меңгерту емес, баланың мектепке психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан дайын болуына жағдай жасау. Сабақ кестесі жеңіл, бірақ мазмұнды: әріптермен танысу, санау, сурет салу, ермексазбен жұмыс істеу, сөйлеу мәдениетін дамыту және ойын арқылы оқыту. Осы сәттердің барлығы баланың бойында қы-

зығушылық пен сенімділік ұялатады.

Жазғы мектептің алғашқы күні өзім үшін де, балалар үшін де толқу мен ерекше қуанышқа толы болды. Балалар қоршаған ортаға қызыға қарайды, бәрі олар үшін жаңа әрі бейтаныс. Ал мұғалім ретінде менің міндетім – сол әлемді олар үшін қызықты әрі қауіпсіз ету. Сабақтарымды мүмкіндігінше баланың жасы мен даму ерекшелігіне сай етіп ұйымдастыруға тырыстым. Балалармен ойындар

ойнап, әңгімелесіп, тапсырмаларды еркін түрде орындауға мүмкіндік беру олардың өздеріне деген сенімін арттыра түсті. Алғашында ұялшақ болған кей балалар бір аптадан соң белсенділік танытып, дос тауып, өз

ҰЛТТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДА

САНАҚ

2025 жылғы 1 тамыз бен 20 қазан аралығында Қазақстанда екінші Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы өтеді. Бұл – БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) ұсынымына сәйкес, әр 10 жыл сайын бір рет өткізілуі тиіс маңызды статистикалық іс-шара. Алғашқы санақ 2006-2007 жылдары өткен.

Санақтың мақсаты – ауыл шаруашылығы саласының қазіргі жағдайы туралы толық әрі өзекті ақпарат жинау: шаруашылықтардың құрылымы, техника мен жануарлар саны, егіс алаңдары және басқа да ресурстар. Бұл мәліметтер мемлекетке тиімді аграрлық саясат әзірлеуге, фермерлерді қолдауға және саланы дамытуға көмектеседі.

Санақ екі кезеңде өтеді: 1-31 тамыз – онлайн-кезең. Барлық ауыл шаруашылығы өндірушілері gov.kz сайтында сауалнаманы өз бетінше толтыра алады. Бұл – жылдам, ыңғайлы және қауіпсіз.

20 қыркүйек – 20 қазан – офлайн-кезең. Онлайн-сауалнамадан өтпеген үй шаруашылықтарын интервьюерлер планшет арқылы жеке аралап, сауалнама жүргізеді.

Қатысуы тиіс тұлғалар: Өсімдік шаруашылығымен, мал шаруашылығымен немесе балық өсірумен айналысатын ЖШС, жеке кәсіпкерлер және шаруа (фермер) қожалықтары;

Ірі қара, құс өсіретін, бау-бақша ұстайтын жеке қосалқы шаруашылық иелері.

Сұрақтар мынадай тақырыптарды қамтиды:

Ауыл шаруашылығы жерлерінің болуы және түрлері;

Мал мен құс саны;

НА ПРИНЦИПАХ СТАБИЛЬНОСТИ, ПРАВОПОРЯДКА И МЕЖЭТНИЧЕСКОГО СОГЛАСИЯ

МЕЖЭТНИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА

1995 год стал важнейшим в истории страны. Первого марта указом Президента была учреждена Ассамблея народов Казахстана, а уже 30 августа на всенародном референдуме казахстанцы приняли Конституцию республики. Эти события ознаменовали начало формирования собственной модели государственности, основанной на принципах стабильности, правопорядка и межэтнического согласия.

Согласно Основному закону, в Республике Казахстан высшей ценностью признаются человек, его жизнь, права и свободы. В этом контексте Ассамблея народа Казахстана реализует основные конституционные принципы через межэтническое взаимодействие, укрепление гражданского единства и продвижение диалога между этносами. АНК сегодня представляет собой не просто институт этнополитики, а широкую общественную платформу, позволяющую каждому гражданину быть услышанным и участвовать в развитии страны.

Благодаря присутствию своих представителей в Сенате АНК играет важную роль в формировании государственной повестки, выходя за рамки исключительно этнокультурных вопросов. В 2023 году эта работа получила новый импульс – в Парламенте была создана межпалатная депутатская группа «Бір ел – бір мүдде».

Ее создание – прямое исполнение поручения Президента Касым-Жомарта Токаева, озвученного на XXXII сессии Ассамблеи народа Казахстана, где он подчеркнул необходимость усиления парламентского и общественного взаимодействия в вопросах укрепления национального единства. Новый орган стал платформой для конструктивного диалога между Сенатом, Мажилисом, АНК и институтами гражданского общества.

Именно благодаря таким инициативам были реализованы меры по правовой и институциональной представленности этнических групп, поддержке культурных центров, образовательных и медийных проектов, отражающих многообразие казахстанского общества.

Основной подход Ассамблеи народа Казахстана отражается в принципе «единство в многообразии». И это не просто проект, а лозунг, объединяющий казахстанцев.

Так, в 2024 году ассамблея оказала большую помощь пострадавшим от паводков в рамках специального проекта «Жүрект

ӨНЕР

ЖАЗ ӘУЕНДЕРІ

МӘДЕНИЕТ ӘРБІР ТҰРҒЫН ҮШІН ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛУЫ ТИІС!

Степногорск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің қолдауымен шаһарымыздағы барлық мәдениет ошақтары қала мен оның маңындағы кенттерде, ауылды жерлерде және қаланың ықшамаудандарындағы алаңдарда жазғы концерттер маусымын жүзеге асыруда.

Соның бірі шілденің 13-інде «Горняк» ОМС бастамасымен «Сүйікті қалама» атты концерттік шара «Эстрада Театры» МҮ алаңында ұйымдастырылды. Оның барысына барлық шығармашылық ұжымдар белсене ат салысты. Атап айтсақ, «Горняк» ОМС, «Ақсу» МҮ, Достық және шығармашылық үйінің өнерпаздары болды.

Музыка мен шығармашылықта кеңістігі шексіз. Жаз мезгілі жылы шуақ пен ерекше көңіл-күймен қатар музыка арқылы берілетін көптеген жаңа эмоцияларды әрі қуанышты сәттерді тұрғындарымызға сыйлады.

1 тамыз күні «Горняк» мәдениет үйінің көркемөнерпаздары мен шығармашылық ұжымы Ақсу кенті тұрғындарына арналған «Ауылым әнім» атты көшпелі концертті кент тұрғындары мен қонақтарының назарларына ұсынды.

Жайма шуақ мезгілінде жақсы көңіл-күй сыйлап, қоғамдағы бірліктің нығаюына үлес қосқан атаулы мәдени шарада көрермендер зор қуат алып, қуанышты көңіл-күймен бөлісті. Әрбір өнер көрсетілімін көрермендер жылы лебізбен, ыстық қошеметпен қарсы алды.

Концерттік бағдар